

## Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ортақ кеден тарифі туралы келісімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 16 ақпан N 246

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 17 ақпанда Мәскеу қаласында жасалған Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ортақ кеден тарифі туралы келісімі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Кеден Одағына қатысушы мемлекеттердің  
ортақ кеден тарифі туралы

### КЕЛІСІМІ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы Үкіметі, Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қырғыз Республикасы Үкіметі, Ресей Федерациясы Үкіметі және Тәжікстан Республикасы Үкіметі

Кеден одағы туралы келісімдерді, Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы Z990403\_ шартты басшылыққа ала отырып;

Кеден Одағының қалыптасу және жұмыс істеу мақсаттарын, принциптерін және шарттарын, сондай-ақ кезеңдері мен тетігін негізге ала отырып;

Кеден Одағын қалыптастырудың басты мақсаттарының бірі үшінші елдермен саудадағы келісілген тарифтік саясат болып табылатындығын есептей отырып;

экономикалық интеграцияны тереңдетуге, Тараптардың сыртқы сауда қызметіне қатысушылар - шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін тең мүмкіндіктер туғызуға жәрдемдесе отырып;

халықаралық сауданың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін тани отырып, төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Осы Келісімнің мақсаты үшін пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ортақ кедендік тарифі - белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген, Тараптар мемлекеттерінің кеден аумағына үшінші елдерден әкелінетін тауарларға қолданылатын және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауарлық номенклатурасына сәйкес жүйеленген әкелім кеден баждарының бірыңғай ставкаларының тізбесі.

Осы Келісімге қол қою күніне алғанда белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген әкелім кеден баждарының бірыңғай ставкаларының тізбесі және осы тізбеге енгізілетін одан кейінгі толықтырулар мен өзгерістер осы Келісімнің 7-бабына сәйкес Жалпы кедендік тарифтің базалық тізбесін құрайды (N 1 қосымша).

Сезімтал импортталатын тауарлар - Тараптардың мемлекеттерінде өндірілмейтін немесе жеткіліксіз көлемде өндірілетін, әлеуметтік мәні бар, яғни халықтың немесе ұлттық өндірістің өмірлік маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті тауарлар, сондай-ақ олардың ұлттық өндірушілері мемлекеттік қолдауды және ұқсас импортталатын тауарлардың бәсекесінен қорғауды қажетсінетін тауарлар.

Кедендік тарифтің эскалациясы - тауарды қайта өңдеудің дәрежесіне байланысты кеден баждарының ставкаларын ұлғайту.

#### 2-бап

Жалпы кедендік тарифте әкелім кеден баждары ставкаларының мынадай түрлері қ о л д а н ы л а д ы :

салық салынатын тауарлардың кедендік құнының пайыздарымен есептелетін а д в а л о р л ы қ ;

салық салынатын тауарлардың бірлігі үшін тіркелген ақша бірлігімен есептелетін а й р ы қ ш а ;

ставкалардың жоғарыда аталған түрлерінің екеуін де ұштастыратын қ ұ р а м д а с т ы р ы л ғ а н .

Тараптар қажетінде баждардың маусымдық және ерекше түрлерін белгілеуге келісті . Баждардың ерекше түрлері деп Кеден одағына қатысушы мемлекеттермен саудада арнаулы қорғау, демпингке қарсы және өтем баждарын қолдану тетігі туралы 2000 жылғы 17 ақпандағы P001094\_ хаттамасына сәйкес қолданылатын арнаулы қорғау, демпингке қарсы және өтем баждары ұғылады.

#### 3-бап

Салық салынатын тауарлардың кедендік құнын анықтау ТМД үкіметтерінің басшылары Кеңесінің 1995 жылғы 10 ақпандағы шешімімен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Кедендік заңнамаларының U952357\_ негіздеріне сәйкес жүзеге асырылады.

#### 4-бап

Тараптар тауарлардың шығарылған елін анықтаған кезде "Тауарлардың шығарылған елін анықтау ережелері туралы" Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтерінің басшылары Кеңесінің 1993 жылғы 24 қыркүйектегі шешімін басшылыққа алады.

#### 5-бап

Тараптар Жалпы кедендік тарифтің оны эскалациялауды көздейтін үш деңгейлі құрылымын қолдануға келісті.

#### 6-бап

Тараптар Жалпы кедендік тарифті қалыптастыру өтпелі кезеңнің ішінде:

- Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан Республикасының Жалпы кедендік тарифті қалыптастыруға кезең-кезеңімен қосылуын;

- Жалпы кедендік тарифтің Базалық тізбесін кезең-кезеңімен толықтыруды (кеңейтуді) ескере отырып жүргізілетін болады деп келісті.

Жалпы кедендік тарифті кезең-кезеңімен қалыптастырудың өтпелі кезеңі осы Келісімнің күшіне ену күнінен бастап бес жылға белгіленсін. Көрсетілген мерзім Тараптардың арасындағы уағдаластық бойынша ұзартылуы мүмкін.

#### 7-бап

Тараптар Жалпы кедендік тарифті кеңейтуге:

- олар бойынша Тараптар мемлекеттерінің әкелім кеден баждары ставкаларының алшақтығы бес пайыздық тармақтардан аспайтын тауарлардың тізбесін (N 1 тізбе, N 2 қосымша) ;

- олар бойынша Тараптар мемлекеттерінің әкелім кеден баждары ставкаларының алшақтығы бес пайыздық тармақтардан асатын тауарлардың тізбесін (N 2 тізбе, N 3 қосымша) пайдалану негізінде шаралар қабылдауға келісті.

Тараптар N 1 Тізбе мен N 2 Тізбенің тауарлық номенклатурасы бойынша ставкаларды одан әрі жақындату және оларды Жалпы кедендік тарифтің Базалық тізбесі негізінде кезең-кезеңімен толықтыру жөнінде шаралар қабылдайды.

N 1 және N 2 Тізбелер Интеграциялық комитет белгілеген тәртіппен мезгіл-мезгіл тіркеуге жатады .

Осы келісімге қол қою күніне алғанда 1 және 6-баптардың ережелерін ескере отырып оған N 1 қосымша ретінде Жалпы кедендік тариф қабылдансын (Үкімет басшылары Кеңесінің 1999 жылғы 26 ақпандағы N 46 шешімімен бекітілген, олар бойынша Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы әкелім кеден баждарының ставкалары үйлесетін тауарлардың тізбесі, сондай-ақ Үкімет басшылары Кеңесінің 1999 жылғы 24 қыркүйектегі N 59 шешімімен бекітілген оған N 1 Қосымша және Үкімет басшылары Кеңесінің 2000 жылғы 17 ақпандағы N шешімімен бекітілген оған N 2 Қосымша).

Осы Келісімге N 2 және N 3 қосымшалар ретінде олар бойынша Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы әкелім кеден баждары ставкаларының алшақтықтары бес пайыздық тармақтардан аспайтын және Интеграциялық Комитеттің 1999 жылғы 11 маусымдағы шешімімен Хаттама N 15 келісілген, бес пайыздық тармақтардан асатын тауарлардың тізбелері есептелсін.

Тараптар жыл сайын өтпелі кезеңнің ішінде Интеграциялық Комитеттің шешімдерімен Тараптардың әрқайсысы үшін сезімтал тауарлардың ұлттық тізбелерін тіркеп отыруға келісті. Бұл тізбелер Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының өткен жылғы жиынтық импорты (СИФ) құндық көлемінің 15 пайызынан аспауы тиіс.

Жалпы кедендік тарифтің Базалық тізбесіне енгізілген тауарлық номенклатураны қоспағанда, Интеграциялық Комитетті бір мезгілде хабардар ете отырып, Тараптар өтпелі кезеңнің ішінде осы тізбелердің тауарлық номенклатурасы бойынша өздігінен толықтырулар мен өзгерістер енгізу құқығын сақтайды.

Тәжікстан Республикасы үшін, ерекшелік ретінде, оның сезімтал тауарларының тізбелері бір тауардан - глиноземнен (код ТН СЭҚ ТМЦ 28 1820 000) тұратын және мемлекеттің жиынтық импорты тиісті көлемінің 25 пайызынан аспайтын болып белгіленсін.

Жалпы кедендік тарифтің Базалық тізбесінің әкелім кеден баждары ставкаларының қолданылу мерзімі осы Келісімнің күшіне енген күнінен бастап алты ай құрайды және егер Тараптардың ешбірі әкелім кеден баждарының ставкаларын өзгерту жөнінде іс-әрекет қолданбайтын болса, келесі алты айлық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

Жалпы кедендік тарифтің Базалық тізбесі мен N 1 және N 2 тізбелеріне енгізілген (сезімтал тауарлардың ұлттық тізбелеріне енгізілген тауарларды қоспағанда) тауарлардың номенклатурасы бойынша кеден баждарының ставкаларына өзгерістер мен толықтыруларды келісуді Тараптар белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын болады.

Жалпы кедендік тарифтің Базалық тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар әдетте, оны толықтыру (кеңейту) жағына қарай жүргізіледі.

Жалпы кедендік тарифтің Базалық тізбесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен бекітілетін және Жалпы кедендік тарифтің Базалық тізбесінің ажыратылмайтын бөлігі болып табылатын қосымшалар ретінде рәсімделеді.

#### 11-бап

Тараптар дамушы және ең аз дамыған елдерге қатысты алғанда келісілген тарифтік жеңілдіктер қолданатын болады және тиісті хаттамаға қол қояды.

#### 12-бап

Тараптар олармен сауда-саяси қатынастар барынша қолайлы жағдай жасау режимін көздемейтін елдерден шығарылған не олардың шығарылған елі анықталмаған тауарлар

жөнінде Жалпы кедендік тарифке енгізілген, әкелім кеден баждарының екі есе арттырылған ставкаларын қолдануға келісті.

### 13-бап

Тараптар Тараптардың ұлттық заңнамаларымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Жалпы кедендік тариф шеңберінде шаруашылық жүргізу субъектілеріне - сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға жеке тарифтік жеңілдіктер қолданбауға келісті.

### 14-бап

Осы Келісімнің мәтініне енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың келісімі бойынша енгізіледі және осы Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

### 15-бап

Осы Келісім депозитарий болып табылатын Интеграциялық Комитетке тапсырылған, оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы үшінші рет хабарланған күннен бастап күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы бұл туралы депозитарийді болжамды шығу күніне дейін кем дегенде алты ай бұрын жазбаша ескерту жолымен осы Келісімнен шығуға құқылы.

Москва қаласында 2000 жылғы 17 ақпанда орыс тілінде бір түпнұсқалық данада ж а с а л д ы .

Осы Келісімнің түпнұсқалық данасы Интеграциялық Комитетте сақталады, ол әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жібереді.

|              |                   |                         |
|--------------|-------------------|-------------------------|
| Үкіметі үшін | Б е л а р у с ь   | Р е с п у б л и к а с ы |
| Үкіметі үшін | Қ а з а қ с т а н | Р е с п у б л и к а с ы |
| Үкіметі үшін | Қ ы р ғ ы з       | Р е с п у б л и к а с ы |
| Үкіметі үшін | Р е с е й         | Ф е д е р а ц и я с ы   |
| Үкіметі үшін | Т ә ж і к с т а н | Р е с п у б л и к а с ы |